

4. "Экономика және менеджмент" пәні бойынша аграрлық мамандықтарының студенттеріне арналған жұмыс дәптері [Мәтін] / құраст.: Н. А. Ахметжанова, Ж. Б. Кенжин. - Электрон. дан. - Орал : Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, 2016.

5. Бірінші ұлттық ауыл шаруашылығы санағының алдын - ала қорытындылары. - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының мал шаруашылығы. - Орал, 2016 ж.

РЕЗЮМЕ

В статье основное внимание уделяется направлению развития эффективного распределения и специализации сельскохозяйственного производства, его реализации, эффективности и специализации в зависимости от региональных спецификаций и определяются статистическими показателями.

RESUME

The article focuses on the direction of development of effective distribution and specialization of agricultural production, its implementation, efficiency and specialization depending on regional specifications and are determined by statistical indicators.

УДК: 005.342:658

Курманова Б.А., магистрант

Ержанова Ж.К., экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ («ЖЕЛАЕВ АСТЫҚ ӨНІМДЕРІ КОМБИНАТЫ» АҚ МӘЛІМЕТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

Аннотация

Мақалада өндеуші кәсіпорындардың әрекетін инновациялық ұйымдастырудың теориялық негіздері мен Батыс Қазақстан облысындағы өндеуші кәсіпорындардың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне талдау жасалынған. Сонымен қатар «Желаев астық өнімдері комбинаты» АҚ-на ұйымдық-экономикалық сипаттама беріліп, өндірістік көрсеткіштеріне экономикалық талдау жасалып, өндеуші кәсіпорындар іс-әрекеттерін жетілдіруге байланысты ұсыныстар келтірілді.

Түйін сөздер: өндеуші кәсіпорындар, инновация, стратегия, инновациялық даму, акционерлік қоғам, экономикалық көрсеткіштер, бухгалтерлік баланс, ресурстар, ақша қаражаты

Біздің еліміздің болашағы – оның интеллектуалды қоры, ғылымы және инновация жетістіктерінде. Бұл сөздер Президент Н.Ә. Назарбаевтың халық-қа арналған жолдауында айтылған болатын. Өмір өзі көрсеткендей, шикізат сатуға бейімделген экономика құлдырауға бағытталған. Тек жоғары сапалы, ең соңғы ғылым жетістіктеріне сай техника мен технологиялар ғана экономиканы көркейтіп, халық өмірін жақсартуға қабілетті. Сондықтан да, ғылымға және ғылыми – техникалық және инновациялық саясатқа ерекше көңіл бөлуі тиіс. Міне, осы мақаланың өзектілігі болып табылады.

«Қазақстан – 2030» стратегиясының ең тұтқалы басымдылықтарының бірі экономиканың теңгерімді дамуының, жалпы ұлттық өнімн құрайтын шикізат-ты

жоғары технологиялы, оның ішінде экспорттық өнімге кезең – кезеңмен алмастыру және елдің ғылыми – техникалық әлеуетін тиімді пайдалану негізінде экономикалық өсу болып табылады.

Қазақстанда бұл үшін барлық алғы шарттар бар. Бұл – бай табиғи ресурс-тар, бос өндірістік қуаттардың болуы, жеткілікті білікті ғылыми – техника-лық қызметкерлер және жоғары жалпы білімділік деңгейімен ұштасқан арзан жұмыс күші, бірқатар технологиялық тұрпаттар бойынша дайындықтардың болуы.

Сонымен бірге, бірқатар бөгеуші факторлар да бар. Атап айтқанда, соңғы жылдары Қазақстанның технологиялық тез мешеуленуінің дендеген кезі болды. Қазіргі өндірістің тұқыртылуы, өндіргіш күштердің индустриясыздануы, өндірістің абсолюттік көрсеткіштерінің күрт қызқаруы және жанбасылық, тұтыну мен қорланудың төмендеуі тегеурінді экономика-лық даму үшін республиканың аттаныс жағдайын едәуір күрделендіреді. Экономикалық қарым – қатынастардың жалпы жүйесінде инновациялық қызметке негізгі орын беріледі, өйткені елдің экономикалық қуаты оның ақырғы нәтижелерімен – өндіріс тиімділігін көтерумен ғылымды қажетсіне-тін өнім көлемін өсірумен айқындалады.

Кәсіпорынның инновациялық қызметі – бұл жаңа немесе өнімнің жақсартуы, не қызмет көрсетуі, оларды өндірудің жаңа әдістерін қолдану мақсатындағы ғылыми – техникалық және зияткерлік әлеуметтік шаралар жүйесі. Бұл жеке сұранысты, сонымен бірге жалпы пайдалы жаңалықтарға қоғамның мұқтажын қанағаттандыруы үшін пайдаланылады. Инновацияның екі тұрпаты ажыратылады: өнімділік және үдерістік.

Жаңа өнімді өндіріске енгізу инновацияның түбегейлі өнімділігі ретінде анықталады. Мұндай жаңалықтар негізінде жаңа технологияға негізделінеді, не тіршілікте қолданылып жүрген технологияның жаңа түрінде пайдалануын ұштастырады. Процестік инновация – бұл жаңалықты енгізу немесе өндіріс тәсілін және технологияны едәуір жетілдіру, жабдықтарды және өндірісті ұйымдастыруды өзгерту. Жаңалық дәрежедегі инновация негізінде жаңа, яғни өткен, отандық және шетелдік практикада ұқсастығы жоқ және жаңа нәрсенің салыстырмалы жаңалығы болып ұсақталынады. Негізінде өнімнің жаңа түрлері, технологиясы және қызмет көрсетуі басымдық, абсолюттік жаңалықтарға ие болады және үлгінің түп нұсқасы болып табылады.

Инновацияның өмірілік кезеңі өзара байланысты процестердің және жаңалықтарды енгізу сатысының жиынтығын көрсетеді. Инновацияның өмірілік кезеңі уақыт аралығы ретінде идеяның дүниеге келуінен өндірістік өткізуден алып тастағанға дейінгі инновациялық өнімнің негізінде анықталады.

Кәсіпорынның инновациялық қызметін әзірлеуде, енгізуде, жаңалықтарды пайдалануда қосылатындары:

- жаңалық идеяны әзірлеу, зертханалық ғылыми жұмыстар, өнімнің жаңа зертханалық үлгілерін, техниканың жаңа түрлерін, жаңа конструкцияны және бұйымдарды дайындауда ғылыми – зерттеу және конструкциялық жұмыстарды жүргізу;

- өнімнің жаңа түрлерін дайындау үшін шикізаттар мен материалдың қажетті түрлерін тандап алу;

- жаңа өнімді дайындауда технологиялық процесті әзірлеу;

- қажетті өнімдерді дайындау үшін жобалау, жасау, сынақтан өткізу және жаңа техникалық үлгілерін енгізу;

- жаңалықтарды іс жүзіне асыруға бағытталған ұйымдастырушылық – басқарушылық шешімдерді әзірлеу және енгізу;

- қажетті ақпараттық ресурстарды және инновацияны ақпаратпен қамтамасыз етуді зерттеу және әзірлеу;

-кажетті ғылыми – зерттеу және конструкторлық жұмыстарды жүргізу үшін дайындау, оқыту, жаңа мамандық беру және қызметкерлерді арнайы әдіспен іріктеу;

-инновацияны жетілдіруді ұйымдастыру және маркетингтік зерттеулерді жүргізу.

Кәсіпорын инновациялық қызметте үлкен нәтижелілікке жету үшін белгілі бір объектіге негізделінуі керек және де ішкі және сыртқы орта факторларын ескеруі қажет. Ол үшін инновациялардың толық классификациясын, олардың қасиеттерін және де қаражаттану көздерін білу керек. Кәсіпорын қызметінің объекті ретіндегі инновациялардың классификациясы 1-кестеде толығымен көрсетілген. Жаңалықтардың мінездемесінің бірден – бір көрсеткіштері болып олардың абсолютті және қатысты жаңалығы, басымдылығы мен прогрессивтілігі, унификация мен стандартизация деңгейі, бәсекелестігі, шаруашылықтың жаңа талаптарына сай болуы, модернизацияға бейімділігі, экономикалық эффективтілігінің көрсеткіштері, экологиялық қауіпсіздік және бағы басқа сайып келгенде, бұл көрсеткіштердің барлығын жаңалықтардың техникo – ұйымдастырушылық деңгейінің және бәсекелестігінің көрсеткіштері деп атауға болады. Олардың маңыздылығы осы факторлардың кәсіпорын қызметінің соңғы нәтижелеріне әсер ету дәрижесіне байланысты болып келеді.

Инновациялық қызметтің мотивтері болып сыртқы және ішкі факторлар саналады. Сыртқы мотивтері:

-шаруашылықтың жаңа талаптарына кәсіпорынның бейімделуі;

-салық, несие – ақша және қаржы саясатындағы өзгерістер;

-сату нарығын жетілдіру мен динамикалау;

-бәсекелестерді активизациялау;

-конъюнктуралық тербелістер;

-құрылымдық салалық өзгерістер;

-жаңа арзан ресурстардың пайда болуы, өндіріс факторлар нарығының кеңеюі демек, сұраныстың қысымы, және тағы басқа.

Инновациялық қызметтің ішкі мотивтеріне келесілер жатады:

-сатудың көлемін ұлғайтуға ұмтылу;

-нарық бөлігінің кеңеюі, жаңа нарықтарға көшу;

-фирма бәсекелестігін жақсарту;

-кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігі және қаржылық тұрақтылығы;

-ұзақ уақыт кезеңінде пайданы өсіру.

Ғылыми – техникалық потенциал кез –келген мемлекеттің ұлттық байлығының негізгі саласы. Барлық дамыған елдер тәжірибесі көрсеткендей, экономикалық дамуыдың көркеюдің негізгі жолы – ғылыми – техникалық және инновациялық салада лидер болу. Инновациялар мен жаңалықтар экономиканың құлдырауына төтеп беріп, ғылыми – техникалық прогрестің белсенді түрде дамуына жағдай жасап, ұлттық экономиканың тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін жоғарлатады. Сондықтан да бүкіл дүниежүзіндегі кәсіпкерлер инновацияларды тиімді басқару мен ұйымдастыруға ерекше көңіл бөледі. Ал мемлекет өз тарапынан ғылыми – техникалық және инновациялық саясат ғылыми – техникалық жетістіктерді адам игілігі үшін пайдаланып, адамзат өмір сүру жағдайларын сапалы түрде жақсартуға бағытталған. Бұл бүкіл адамзат тіршілігі мен шаруашылығының негізгі мақсаты.

«Желаев астық өнімдері комбинаты» АҚ-ның тарихы 1978 жылдан – Қазақстан Республикасындағы ең ірі және заманауи элеваторларының бірі Желаев элеваторы пайдалануға берілген жылдан бастау алады. 1988 жылдың желтоқсан айынан, швейцариялық «BUHLER» фирмасының лицензиясы бойынша жасалған құралмен жабдықталған жоғары өндірмелі ұн тартатын зауыттың іске қосылу сәтінен бастап, Желаев элеваторы Желаев астық өнімдері комбинаты болып өзгертілді, ал 1993 жылдан бастап «Желаев астық өнімдері комбинаты» АҚ болып табылады.

Қазіргі таңда кәсіпорын төмендегі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- астықты қабылдау, орналастыру, тазалау, кептіру, сақтау, өндеу және өткізу;
- наубайханалық бидай ұнын, наубайханалық карабидай ұнын (қабығы сыдырылған), ұнтақ жармасын, «Мартин» сауда таңбасының макарон өнімдерін өндіру және өткізу;
- астық және одан жасалатын өнімдердің сапасына сертификаттық сынақтар өткізу.

Осы қызмет түрлерін жүргізу үшін комбинат иелігінде төмендегі жабдықтар бар:

-Жалпы сыйымдылығы 150 мың тоннаға дейін дайындау және өнеркәсіптік элеваторлары. Жүк тиеу-түсіру жұмыстарын толық механикаландыру элеваторларға тәулігіне автокөлік транспорты арқылы – 3000 тоннаға дейін және теміржол транспорты арқылы – 2000 тоннаға дейін, барлығы 5000 тоннаға дейін астық қабылдауға мүмкіндік береді. Жоғары өндірмелі ұн тартатын зауыт, әлемдік нарықта астықтан өнім өндіру жабдықтарын жетекші өндірушілердің бірі болып табылатын швейцариялық «BUHLER» фирмасының лицензиясы бойынша жасалған жабдықта жұмыс жасайды. Астық өндеу бойынша өндірістік қуаты тәулігіне 500 тоннаны құрайды. «PAVAN» (Италия) фирмасының, өнімділігі 2000 кг/сағат қысқа туралған макарон өнімдерін шығару бойынша үздіксіз қызметті автоматты желісімен жабдықталған макарон фабрикасы 2007 жылдың мамыр айынан бастап жұмыс істеп келеді. 2012 жылдың мамыр айында іске қосылған, № 2 макарон фабрикасы ұзын туралған макарон өнімдерін шығарады. Фабрика ұзын туралған макарон өнімдерін жасау өнімділігі сағатына 500-600 кг. «Italpast» әмбебап жартылай автоматты және өнімділігі сағатына 150 кг. дейін арнайы форматты «Жайма» желілермен жабдықталған. Өндірістік-технологиялық лаборатория республика бойынша астық қабылдаушы және астық өндеуші кәсіпорындардың ішінде алғашқылардың бірі болып, астық және одан жасалатын өнімдердің сапасына сертификаттық сынақтар өткізу бойынша техникалық құзіреттілікке аккредиттеуден өтті.

Жоғары өндірмелі ұн тартатын зауыт, әлемдік нарықта астықтан өнім өндіру жабдықтарын жетекші өндірушілердің бірі болып табылатын швейцариялық «BUHLER» фирмасының лицензиясы бойынша жасалған жабдықта жұмыс жасайды. Ұн тартатын зауыттың астық өндеу бойынша өндірістік қуаты тәулігіне 500 тоннаны құрайды, шығарылатын өнім ассортименті: жоғарғы сұрыпты ұн - 50%-ға дейін, бірінші сұрыпты ұн – 20%-ға дейін, екінші сұрыпты ұн - 5%-ға дейін, кебек - 23%-ға дейін.

Қаптау бөлімінде жоғарғы сұрыпты және бірінші сұрыпты ұн 50 және 25 кг қаптарға, ұнтақ жармасы 25 кг қаптарға және екінші сұрыпты ұн 45 кг қаптарға салынады. Дайын өнім бөлімінде - жоғарғы сұрыпты және бірінші сұрыпты ұн 10, 5, 2 және 1 кг, ұнтақ жармасы 1 кг, «Пельменная», «Бесбармачная», «Элитная» және карабидай ұны 2 кг қаптарға қапталады.

№1 макарон фабрикасы 2007 жылдың мамыр айынан бастап жұмыс істеп келеді және «PAVAN» (Италия) фирмасының қысқа туралған макарон өнімдерін шығару бойынша үздіксіз қызметті автоматты желісімен жабдықталған. Бұл жабдық 2000 кг/сағат өнімділігімен ірі мөлшерде қысқа туралған макарон өнімдерін шығаруға мүмкіндік береді.

«PAVAN» (Италия) фирмасында кептіру технологиясындағы соңғы зерттеме болып табылатын қолданыстағы ТАС (Термо-Активті Жүйе) кептіру технологиясының өнімділік жағынан да, гигиена жағынан да айтарлықтай артықшылықтары өнім қауіпсіздігі мен жоғары гигиенасына кепіл болуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге барлық технологиялық процесс автоматтық тәртіпте белгіленіп отырады, бұл өндірістің барлық кезеңінде қолма-қол бақылау жүргізіп отыруға, штаттан тыс жағдайларда түзету және алдын алу әрекеттерін жүргізуге мүмкіндік береді.

2012 жылдың мамыр айында іске қосылған, № 2 макарон фабрикасы «Italpast» итальян фирмасының 2 желісімен жабдықталған: өнімділігі сағатына 500 кг дейін ұзын туралған макарон өнімдерін жасау желісі және өнімділігі сағатына 150 кг дейін арнайы форматтар жасау желісі.

Фабрика «Мартин» және «La Pasta di felice» сауда таңбасымен макарон өнімдерінің алуан түрін шығарады. The factory produces various kinds of pasta under the trademarks of Martin and La Pasta di Felice.

Кесте 1 - Желаев астық өнімдері комбинаты АҚ қаржылық көрсеткіштері, мың теңге

Көрсеткіштер	2015	2016	2017	2017 ж 2015 ж % қатынасы
Ақша қаражаты және оның баламасы	21,369,365	24,256,966	27,256,366	99,5
Міндетті резервтер	4,110,256	4,236,325	6,256,256	152,2
Пайда немесе шығындар арқылы әділ құны бойынша көрсетілген қаржылық активтер	7,236,256	9,236,256	11,256,365	155,5
Банктердегі қаражаты	1,236,366	2,369,321	3,325,623	268,9
Сақтандыру	1,365	2,366	2,956	216,5
Басқа активтер	1,956,366	1,589,344	1,253,263	64
Активтердің жиынтығы	51,415,976	44,054,212	38,161,506	74,2
Мекеме қаражаты	8,125,632	9,258,478	12,257,854	150
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	1,569,314	1,823,362	2,365,147	150,7
Басқа міндеттемелер	2,147,251	3,245,147	4,258,125	198,3
Реттелген борыш	6,364,251	7,256,425	8,364,253	131,4
Міндеттемелер жиынтығы	18,125,367	20,147,254	27,245,379	150,3

1-кестеде көрсетілгендей, мекеменің қаржылық көрсеткіштері жыл сайын өсуде, соған байланысты мекеменің кірісі де көбеюде. Ақша қаражаты 2015 жылы 21,369,365 құраса, 2017 жылы 27,256,366 құрап отыр. Сонымен қатар, өнім ассортименті де жыл сайын артып отыр. Ал активтердің жиынтығына тоқталсақ, 2017 жылы 2015 жылмен салыстырғанда төмен көрсеткішті көрсетіп отыр. Сақтандыру көлемі де жылдан жылға өсу үстінде. Бұл кәсіпорында қауіпсіздік деңгейінің жоғарылауымен байланыстыруға болады.

Кесте 2 - «Желаев астық өнімдері комбинаты» АҚ пайдалылық нәтижелері, мың теңге

Көрсеткіштер	2015	2016	2017	01.10.17 ж 01.10.15 ж % қатынасы
Пайыздық кіріс	15,256,744	16,254,369	18,256,368	119,6
Пайыздық шығыс	(3,256,369)	(5,256,478)	(7,256,369)	222,8
Пайыздық таза кіріс	3,145,925	4,266,741	5,362,325	170,4
Қызмет бойынша кірістер	858,478	958,121	1,256,144	146,3
Төленген шағымдар	(326,114)	(466,274)	(556,254)	170,5
Салық салуға дейінгі таза пайда	3,175,254	4,125,364	5,214,222	164,2
Таза пайда	2,100,361	2,364,142	4,258,142	202,7

2-кестеде Желаев астық өнімдері комбинатының бухгалтерлік балансы көрсетілген. Үш жылдық салыстыруда жыл сайын кірістер мөлшерінің өсіп отырғаны байқалады. Кестеде кәсіпорынның жылдан жылға үдерісті негізде дамып отырғаны көрсетілген. Мекеменің таза пайдасы 2017 жылы 2015 жылға қарағанда 2 есеге дейін өсіп отыр. Бұл өте жақсы көрсеткіш болып табылады.

Қазір Қазақстан Республикасының ғылыми – техникалық зерттеулері мен инновациялық саясаты кризистік жағдайда. Бірақ сол қиындықтаға қармастан Қазақстан кәсіпкерлері шетел жаңалықтары мен ғылыми – техникалық жетістіктерін табысты түрде игеріп, оларды жоғары қарқынмен қызметтеріне енгізіліп келеді. Әрине бұл инновациялар халықаралық технологиялық деңгейде көтерілуге мүмкіндік береді, бірақ сол ғылыми – техникалық жетістіктердің көбісі тек біз үшін ғана инновация, ал шетелдіктер үшін олар кешегі күн жаңалықтары. Сондықтан да шетел технологиясы мен техникасын игерумен қатар өз ұлттық ғылыми – техникалық потенциямыздың дамуына жағдай жасап, отандық ғалымдардың ғылыми жетістіктерін өндіріске енгізіп, оларды бағалай білуіміз керек.

Негізінен, инновациялық қызмет жаңа шаруашылық аймақтық құрылымдарды (технопарктерді, бизнес инкубаторларды, аймақтық инновациялық қорларды, венчурлық фирмаларды) дамытуға, бұрын құрылған шаруашылық субъектілер арасындағы өзара байланыстарды трансформациялауға, бақару технологияларын дамытуға көмектеседі.

Кәсіпорындармен жалпы Республиканың инновациялық қызметін дамытуға келсек, мемлекеттің көптеген бағдарламалары бар. Сол бағдарламалар мынадай міндеттерді шешуге бағытталған:

- экономиканың жоғары технологиялық шикізаттық емес секторларын қалыптастыру;

- инновациялық қызметті мемлекеттік ресурстық қолдау;

- өнеркәсіпті технологиялық жаңғыртуды жүргізу және экспортқа бағытталған ғылымды қажетсінетін өндірістерді құру;

- ғылыми – инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру;

- шығын кәсіпкерлік субъектілерін инновациялық қызметке тарту;

- салалық және аймақтық инновациялық бағдарламаларды қалыптастыру және іске асыру;

- инновациялық қызметті дамыту үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық базаны қалаптастыру;

- неғұрлым перспективалы ғылыми бағыттарды сақтау және дамыту;

- инновациялық кәсіпорындар үшін мамандарды даярлау;

- халықаралық ғылыми – техникалық ынтымақтастықты дамыту.

Осы жоғарыда аталған міндеттерді жүзеге асыру арқылы ғана мемлекетіміздің, кәсіпорындарымыздың инновациялық қызметін дамытуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050 Стратегиясы қалыптасқан жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы – <http://akorda.kz>

2. «Саясат журналы» 2013 жыл №2, 57-60 бет.Бороли Қ. Инновацияның даму жолдары.

3. «Желаев астық өнімдері комбинаты» АҚ-ның қаржы – шаруашылық қызметенің нәтижелері туралы есеп.

4. «Қаржы – қаражат» журналы 2015 жыл, №2 92-96 бет.Сапарбаева. Отандық кәсіпорынның инновациялық қызметі.

5. Мейірбеков «Кәсіпкерлік экономикасы» 151-157 бет. Кәсіпорынның инновациялық қызметі. 2014 жыл

6. martin-zhelaevo.kz

РЕЗЮМЕ

В статье представлены теоретические основы организации инновационной деятельности перерабатывающих предприятий в Западно-Казахстанской области. Также дается характеристика экономических показателей АО «Желаевский комбинат хлебопродуктов» и приведены предложения по совершенствованию действий инновационной деятельности.

RESUME

In the article theoretical bases of organization of innovative activity of reprocessors are produced in the западно-казахстанской area. Description of economic indicators of propulsion joint-stock company "Zhelayev combine of products" and resulted suggestion on perfection of actions of innovative activity.

УДК 657.42

А.Е. Кабдирова, студент

Б.Т. Базарова, экономика ғылымдарының магистрі

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық –техникалық университеті, Орал қ.

№16 ХҚЕС «НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР ЕСЕБІ»

Аннотация

Негізгі құралдар есебі №16 «Негізгі құралдар» халықаралық қаржылық есеп стандартына сәйкес жүргізіледі. Аталған стандартқа сәйкес негізгі құрал, ол кәсіпорында өнім өндіру, тауарларды тасымалдау немесе қызмет көрсету үшін, басқа кәсіпорынға жалға беру үшін немесе әкімшілік мақсатта пайдаланылатын және бір операциялық циклдан немесе кезеңнен (І жылдан) артық мерзім ішінде пайдаланады деп болжанатын материалдық активтерді айтады.

Түйін сөздер: қаржы, кәсіпорын, стандарт, есеп, мүлік

Негізгі құралға қозғалмайтын мүлік, жер, үйлер мен ғимараттар, өткізгіш тетік, машина мен жабдықтар, өлшеу және реттеу аспаптары мен қондырғылары, есептеу машиналары, көлік құралдары, аспаптар, шаруашылық құрал-саймандар, және т.б. жатады.

Негізгі құралдар объектісі төмендегі шартқа сай келсе актив ретінде танылуы (есепке алуға) тиісті:

а) егер кәсіпорынның активпен байланысты болашақ экономикалық пайда алатынын аса үлкен ықтималдықпен сендіру мүмкін болса;

ә) егер кәсіпорын үшін оларды сатып алуға кеткен нақты шығындарды сенімді түрде бағалау мүмкін болса.

№16 Халықаралық қаржылық есеп стандартына сәйкес кіріс әкелмейтін объектілерді, компания негізгі құралдар құрамынан шығарады және ұзақ уақыт бойы олар шаруашылық қызметінде пайдалануға болатын болса да, шығыстарға сесептеп